



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

**Сапа бойынша есеп
2024 жылы Қазақстан
Республикасында құрылыс
жұмыстарының орындалуы және
объектілерді пайдалануға беру туралы**

Мазмұны

S.1 Байланыс деректері

S.2 Өзектілік- кіріспе

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.5 Өлшем бірлігі

S.6 Есепті кезең

S.7 Құқықтық негіз

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.10 Тарату жиілігі

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.13 Сапаны басқару

S.14 Өзектілік

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.17 Салыстырмалылық

S.18 Келісушілік

S.19 Жүктеме

S.20 Деректерді қайта қарау

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті

S.1.3 Байланысатын тұлғаның аты жөні

Эдель Ольга Владимировна, Дүбірова Бағлан Жұманқұлқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты жөні

Исабекова Аида Жарасовна

S.1.5 Байланысатын тұлғаның пошталық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланысатын тұлғаның электрондық мекенжайы

o.edel@aspire.gov.kz, ba.dubirova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланысатын тұлғаның телефон номері

+7 7172 749313, 749323

S.2 Өзектілік-кіріспе

Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі туралы және Қазақстан Республикасында пайдалануға берілген объектілер туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар Қазақстан Республикасындағы құрылыс қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасында орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі туралы және пайдалануға берілген объектілер туралы жылдық деректер өңірлер, меншік нысандары, қаржыландыру көздері мен технологиялық құрылымы бөлінісінде, сондай-ақ салынып жатқан объектілердің түрлері, құрылыс жұмыстарының ірілендірілген түрлері бойынша қалыптастырылады. Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы «21» қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген «Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістемеге» сәйкес бастапқы статистикалық деректер негізінде қалыптастырылады.

Құрылыс статистикасының негізгі көрсеткіштері:

Құрылыс жұмыстарының көлеміне жаңа объектілер салу, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды, инженерлік ғимараттарды күрделі және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау, жаңғырту бойынша жұмыстар кіретін, құрылыс қызметі жасалған құрылыс мердігерлік шарттары бойынша жүзеге асыратын кәсіпорындар орындаған құрылыс жұмыстарының құны жатады.

Құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) нақты көлем индексі дефляторды (баға индексін) есепке алумен, талданатын кезеңнің орындалған құрылыс жұмыстары көлемінің нақты қолданыстағы бағалардағы алдыңғы кезеңге арақатынасымен айқындалады.

Дайын құрылыс өніміне құрылысы аяқталған, белгіленген тәртіпте пайдалануға қабылданған тұрғын және тұрғын емес ғимараттар, имараттар, қуаттар және әртүрлі қызмет түрлерінің объектілері жатады.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы - бүкіл тұрғын үйдің жалпы алаңы мен барлық тұрғын емес үй-жайлар алаңының, сондай-ақ тұрғын үйдің ортақ мүлік болып табылатын бөліктері алаңының жиынтығы ретінде есептеледі.

Құрылыс қызметі мемлекет экономикасының дамуы мен тиімді жұмыс істеуінде маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар, білім беру мекемелері, бизнес құрылымдар және басқа да бірқатар пайдаланушылар статистикалық ақпараттың негізгі пайдаланушылары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросында ықтимал пайдаланушылар және респонденттердің, сонымен қатар мүдделі мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус - топтар) отырыстары өткізіледі, онда жалпы мемлекеттік статистикалық байқау көрсеткіштерінің өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандармен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қосарланудың болуы тұрғысынан бағалау жүргізіледі.

Респонденттермен және ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен кері байланыс Бірыңғай байланыс орталығы 1446 арқылы жүзеге асырылады

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растауы

04.07.2025 жыл.

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

04.07.2025 жыл.

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

04.07.2025 жыл.

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Құрылыс жұмыстары көлемінің көрсеткіштері өз кезегінде келесі бөліністерге:

- жұмыс түрлерінің технологиялық құрылымы;
- салынып жатқан объектілердің түрлері (тұрғын, тұрғын емес ғимараттар және құрылыстар);
- ЭҚЖЖ кодтары 41-43 «Құрылыс» сәйкес құрылыс жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) түрлері бойынша;

- қызметкерлер саны бойынша кәсіпорындардың өлшемділіктері;
- меншік нысандары мен түрлері.

Дайын өнім туралы ақпараттың қалыптасуы:

- қаржыландыру көздері;
- қызметкерлер саны бойынша кәсіпорындардың өлшемділіктері;
- меншік нысандары мен түрлері;
- пайдалануға берілген тұрғын емес объектілердің түрлері (қуаттар);
- тұрғын үй түрлері бойынша.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

ЭАОЖ – Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

СКА - Статистикалық көрсеткіштер анықтамалығы;

ӨБМЖ - Өлшем бірліктерінің мемлекетаралық жіктеуіші және 1 ММЕИ кестесіне енгізілмеген шоттар және өлшем бірліктерінің анықтамалығы;

МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;

КМЖ – Кәсіпорындар мөлшерлерінің жіктеуіші;

ҰҚШНЖ - Ұйымдық - құқықтық шаруашылық нысандары жіктеуіші;

ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші;

НҚЖ – Негізгі қорлар жіктеуіші.

Аталған жіктеуіштер Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Басты» / «Жіктеуіштер» бөлімінде қолжетімді.

S.4.3 Секторлық қамту

Құрылыс қызметі статистикасын қалыптастыру үшін Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес F «Құрылыс» секциясы бойынша қызметін жүзеге асыратын субъектілер қамтылады, меншік нысаны мен жұмыс істейтіндер санына қарамастан, объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша тапсырады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1. Бақылау түрі - жаппай.

2. Деректер жинау құралдары - ұлттық статистикалық байқаудың статистикалық нысандары: «Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі туралы есеп» (индекс 1-КС, кезеңділігі жылдық), «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» (индекс 2-КС, кезеңділігі жылдық), «Жеке құрылыс салушылармен объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» (индекс 1-ИС, кезеңділігі жылдық).

3. Респондерттер шеңбері:

1-КС нысанын Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің 41-43-кодтарына сәйкес негізгі және қосалқы қызмет түрлері «Құрылыс» болып табылатын, жұмыс істейтіндердің санына қарамастан заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады;

2-КС нысанын жұмыс істейтіндердің санына қарамастан, есепті кезеңде объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және

(немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады. 1-ИС нысанын (жеке құрылыс салушылар) есепті кезеңде объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері (жеке тұлғалар және жеке кәсіпкерлермен пайдалануға берілетін объектілер бойынша), шаруа немесе фермер қожалықтары ұсынады.

4. Статистикалық нысандар Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Респонденттерге» /[/https://stat.gov.kz/ru/respondents/statistical-forms](https://stat.gov.kz/ru/respondents/statistical-forms)/бөлімінде орналастырылған. Статистикалық нысандар деректерін ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz /«Респонденттерге»/«Респондент кабинеті»/ бөлімінде қолжетімді болып табылатын «Деректерді онлайн режимде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

S.4.5 Статистикалық объект

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) F секциясы 41-43 бөлімдері топтамаларының біріне жататын, негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлерінің сипатына сәйкес бөлінген кәсіпорындар «Құрылыс» қызмет түрінің жіктемелік бірлігі болып табылады.

Құрылыстың дайын өнімі статистикасындағы байқау объектілеріне салынып жатқан және аяқталған құрылыс объектілері, құрылыс кезегі, іске қосу кешендері мен жалпы құрылыс объектілері жатады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау жаппай әдіспен жүзеге асырылады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар және республикалық маңызы бар қалалар).

S.4.8 Қамту уақыты

1991 жылдан бастап жылдық деректер бар.

S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылмен сәйкес келеді.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың теңге, шаршы метр

S.6 Есепті кезең: Жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

- «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы;
- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Басшысының бұйрығымен заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары;

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Басшысының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі;

- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кестесіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде ұсыну ережесі.

- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін деидентификациялық түрде ұсыну қағидалары;

- «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Заңы;

- «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдағы №94 Заңы;

- Қазақстан Республикасының ережелер жинағы 2024 жылғы 7 маусымдағы жағдай бойынша ҚР БК 1.01-101-2014 құрылыс терминологиясы. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 245 бұйрығымен бекітілген Құрылыс статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 28-бабымен коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат қорғалады.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Басшысының бұйрығымен бекітілген 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері, мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы

болу шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін деидентификациялық түрде ұсыну қағидалары.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1, 2-тармағына сәйкес Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, оның ішінде машинада оқылатын деректер және статистикалық әдіснама форматындағы ақпаратқа бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды оларды мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарында және «электрондық үкімет» веб-порталының ашық деректер интернет-порталында орналастыру арқылы қамтамасыз етеді. Барлық ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz таратылуға жатады.

Статистикалық жұмыс жоспары және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының Бірыңғай платформасының (МО БПИР) сайтында www.gov.kz «Бюро» / «Басты» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының Бірыңғай платформасының (МО БПИР) сайтында www.gov.kz «Бюро» / «Басты» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1, 2-тармағына сәйкес Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, оның ішінде машинада оқылатын деректер және статистикалық әдіснама форматындағы ақпаратқа бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды оларды мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарында және «электрондық үкімет» веб-порталының ашық деректер интернет-порталында орналастыру арқылы қамтамасыз етеді. Барлық ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz таратылуға жатады.

Статистикалық жұмыс жоспары және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының

Бірыңғай платформасының (МО БПИР) сайтында www.gov.kz «Бюро» / «Басты» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жарияланымдар

1. «Қазақстан Республикасында құрылыс жұмыстарын орындау және объектілерді пайдалануға беру туралы» электрондық кестелер Бюроның www.stat.gov.kz «Басты» / «Статистика» / «Салалық статистика» / «Құрылыс статистикасы» / «Электрондық кестелер» бөлімінде қолжетімді.

2. Динамикалық қатарлар Бюроның www.stat.gov.kz «Басты» / «Статистика» / «Салалық статистика» / «Құрылыс статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.11.2 on-line режимдегі деректер базасы

Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Талдау» ААЖ «Инвестициялар және құрылыс статистикасы» бөлімінде.

S.11.3 Микродеректерге қолжетімділік

Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген «Деректер базасын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін деидентификациялық түрде ұсыну қағидаларымен» реттеледі.

Деректер базасын деидентификациялық түрде алу үшін өтініш беру тәртібі туралы ақпарат Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Басты» / «Зерттеушілер үшін» бөлімінде қолжетімді.

Өтініш Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Жеке кабинет» / «Пайдаланушы кабинеті» арқылы қалыптастырылып ұсынылады, қажетті құжаттарды қоса берумен электрондық цифрлық қолтаңбамен куәлендіріледі.

S.11.4 Өзге де

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 245 бұйрығымен бекітілген Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі. Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Әдістеме» / «Құрылыс статистикасы» бөлімінде қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саясаты;

2. Сапа бойынша есеп;

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Статистикалық есеп жүргізу процесін сипаттаудың үлгілік

әдістемесі;

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Құрылыс статистикасы бойынша деректердің сапасы мен анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- ӘҚК 497 бабына сәйкес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленген. Дәйексіз деректерді ұсынғаны үшін – ескерту, Статистика органдарына деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау айыппұл салуға әкеп соғады;
- бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау;
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктеуіштерді пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілген.

S.13.2 Сапаны бағалау

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылар

Ақпараттың негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар (ТМД статистикалық комитеті, БҰҰ Статистикалық бөлімі, БҰҰ ЕЭК, Еуразиялық экономикалық комиссия), білім беру мекемелері, бизнес құрылымдар және басқа да бірқатар пайдаланушылар болып табылады.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауалнама жүргізіледі. «Пайдаланушылар сауалнамасы» Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Басты» / «Сауалнама» / «Пайдаланушылар сауалнамасы» бөлімінде қолжетімді.

S.14.3 Толықтығы/ R1.

Деректердің толықтығы - үлес

1-КС (жылдық) нысаны бойынша есеп тапсырған респонденттер саны 42 309 немесе каталогтағы жалпы жұмыс жасап тұрған кәсіпорындар санына 77,7% құрады.

2-КС нысаны бойынша қамтуды бағалау жүргізілмейді, өйткені нысанды тек есепті кезеңде объектілерді пайдалануға берген субъектілер тапсырады.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Дәлдігі мен сенімділігі «Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістемеге» сәйкес байқаудың оңтайлы таңдалған әдісін жүргізумен қамтамасыз етіледі.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/А1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі - үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы - үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 ТР1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Жылдық деректер бойынша алдын-ала қорытындыларды жариялау қарастырылмаған. Жылдық деректерді ай сайынғы негізде жариялауға дейін жедел деректер қалыптастырылады.

S.16.1.2 ТР2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Құрылыс қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт респонденттердің ұсыну уақытынан жариялағанға дейін шамамен 110 күнді құрайды.

Соңғы болып табылатын нәтижелер бюллетенде жыл сайын 4 шілдеде жарияланады. Статистикалық жұмыс жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде шығарылым күні бекітілген және жарияланған.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/ТР3

Деректер жыл сайынғы Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыс жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

Нақты және жоспарланған жариялау күндері сәйкес келеді, 2024 жылы жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күніне түссе, жарияланым шығарылымы келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы - коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Орындалған жұмыстар көлемінің, құрылыс жұмыстарының нақты

көлем индексінің, пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы алаңының және әлеуметтік - мәдени мақсаттағы объектілердің көрсеткіштерінің динамикалық қатары 1991 жылдан бастап үздіксіз және салыстырмалы.

Динамикалық қатар Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Статистика» / «Салалық статистика» / «Құрылыс статистикасы» / «Динамикалық қатар» бөлімінде қолжетімді.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

«Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістемеге» сәйкес. Әдістеме Еуростат дайындаған «Құрылыс өндірісінің ай сайынғы индексін қалыптастыру жөніндегі нұсқаудың» қағидаттары мен ұсынымдарын ескере отырып әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Құрылыс қызметінің көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме Бюроның барлық құрылымдық бөлімшелерімен келісілген.

S.19 Жүктеме

Жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Деректерді жинау респондент үшін типтік енгізу қателерінің мүмкіндігін болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар қарастырылған ЭЦК арқылы онлайн режимінде жүзеге асырылады. Ақпаратты өңдеу процестері автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратын бақылау қарастырылған. Статистикалық нысанды толтыруға 1 сағатқа дейін уақыт жұмсалады. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер немесе басқа көздер қолданылмайды. 2024 жылы есеп берген респонденттердің саны 42 309 құрады, оның ішінде 71,7%-дан астамы он-лайн режимде есеп берді.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Ерекше жағдайларда динамикалық қатарларды қайта есептеу жүзеге асырылады (жарияланған статистикалық ақпарат статистикалық әдіснама өзгерген жағдайда және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде қайта қаралады).

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі туралы статистикалық ақпарат құрылыс ұйымдары мен қосалқы қызмет түрі «Құрылыс» болып табылатын кәсіпорындары ұсынатын жалпымемлекеттік статистикалық байқауларының бастапқы деректері ақпараттық базасы болып табылады.

Пайдалануға берілген объектілер (қуаттар) бойынша статистикалық ақпарат жұмыс істейтіндердің санына қарамастан, есепті кезеңде объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерінің, сондай-ақ, есепті кезеңде объектілерді пайдалануға беруді жүзеге

асыратын жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері (жеке тұлғалар және жеке кәсіпкерлермен пайдалануға берілетін объектілер бойынша), шаруа немесе фермер қожалықтары ұсынатын жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар деректері ақпараттық базасы болып табылады. Сондай-ақ, ай сайынғы негізде пайдалануға берілген тұрғын үйлер бойынша статистикалық деректерді «Мемлекеттік қалалық кадастр» Автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (МҚК ААЖ) деректерімен салыстыру жұмыстары жүргізіледі.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі: жылдық

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректер жаппай жинау әдісімен жүзеге асырылады. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық форматта жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды толтыру Бюроның интернет-ресурсында (<https://e.stat.gov.kz>) орналастырылған «он-лайн режимде деректерді жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің нақтылығы бастапқы есептермен нақтыланады, қағаз жеткізгіште бірінші басшылардың қолымен және мөрімен куәландырылады, ал электронды түрде тапсырылғандар – электронды қолтаңбамен. Бюро жағынан бастапқы статистикалық деректерді тексерген кезде арифметикалық және логикалық бақылаудық қолданылуы деректердің сапасын қамтамасыз етеді. Аумақтық Бюро қызметкерлері күмәнданатын экстремалды көрсеткіштер және шұғыл ауытқуларды тапқан кезде, респондент деректерді нақтылайды немесе бекітілген заңнамалық тәртіпте өзгерту енгізеді. Бұдан басқа, бастапқы статистикалық деректер тиісті тәртіппен ресімделген қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттарының негізінде құрастырылады. Бастапқы есепке алу деректер мен статистикалық байқауларда көрсетілген деректер арасындағы негізсіз алшақтықтарға жол берілмейді.

Заңның 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес дәйекті алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Жылдық деректер үшін жете есептеу қолданылмайды, себебі деректерді респонденттер нақтыланған жылдық баланс негізінде ұсынады.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1. Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын бақылау бойынша жұмысты

жалғастыру.